

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 363-ө өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 ақпандағы N 95 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 363-ө өкіміне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 6                      ж ы л ғ ы                      9                      а қ п а н д а ғ ы  
N                      9 5                      қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 363-ө өкіміне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.06.29 N 600 қаулысымен.**
2. "Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның орындалуы туралы баяндаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 1851 қаулысында: көрсетілген қаулымен бекітілген Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның орындалуы туралы баяндамада: 48-тармақтың төртінші абзацындағы "2001" деген сандар "2007 жылғы 1-тоқсанда" деген сөздермен ауыстырылсын.
3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.06.30 № 742 Қаулысымен.**
4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.03.31 N 222 қаулысымен.**
5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.02.02 N 79 қаулысымен.**
6. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19 N 1411 Қаулысымен.**
7. "Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы

конвенцияның орындалуы туралы баяндаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 желтоқсандағы N 1295 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның орындалуы туралы баяндамада:

"Жалпы мәліметтер" деген 1-бөліктің "Ел және халық (негізгі гендерлік сипаттамалар)" деген 1-бөлімінің "Әйелдерге қатысты зорлық" деген кіші бөлімінің төртінші абзацындағы "2006 жылғы 2-тоқсанда" деген сөздер және "2005 - 2007" деген сандар тиісінше "2007 жылғы 1-тоқсанда" деген сөздермен және "2006 - 2007" деген с а н д а р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

8. "2004 жылғы 7 қыркүйекте Қазақстан әйелдерінің IV Форумында Қазақстан Республикасының Президенті қойған міндеттерді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 13 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 3 6 3 - ө ө к і м і н д е :

көрсетілген өкіммен бекітілген 2004 жылғы 7 қыркүйекте Қазақстан әйелдерінің IV Форумында Қазақстан Республикасының Президенті қойған міндеттерді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 25-жолдың 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:  
"2007 ж. I тоқсан".